

Алтай ауданының Парыгино ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2021 жылғы 28 қыркүйектегі № 7/17-VII шешімі

Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 8, 13 – баптарына сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты ШЕШІТІ:

1. Алтай ауданының Парыгино ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алтай ауданының мәслихат хатшысы

Л. Гречушникова

Алтай

ауданының мәслихатының

2022 жылғы 21 қазанды

№ 23/8-VII шешіміне қосымша

Алтай ауданының Парыгино ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспары

Ескерту. Жоспар жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 21.10.2022 № 23/8-VII шешімімен.

Осы Алтай ауданының Парыгино ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі- Жоспар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жайылымдар туралы" Зандарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бұйрығы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөп қажеттілігін тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу үрдісін болдырмау мақсатында қабылданады.

Жоспар:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Алтай ауданының Парыгино ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасын) (1-қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемаларын (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасын (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасын (4-қосымша);

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасын (5-қосымша);

6) Парыгино ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасын (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графикті (7-қосымша);

7-1) жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және аландары белгіленген картаны құрайды.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттең-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, олардың иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) занды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдан өтүге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) занды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданы.

Парыгино ауылдық округінде әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша 4 елді мекен бар.

Парыгино ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 18519 га, соның ішінде егістіктер – 4858 га, жайылымдық жерлер – 8628 га.

Санаттар бойынша жер мыналарға бөлінеді:
ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 10370 га;
елді мекендер жерлері – 4352 га;
өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі қажеттілігі үшін, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және ауыл шаруашылығынан өзге мақсатқа арналған жерлер – 80 га;
босалқы жерлер - 3717 га.

Табиғи жағдайлары бойынша Парыгино ауылдық округінің аумағы таулы-шалғынды-дала егіншілік аймағына жатады. Климаты ылғалды, орташа жылды. Жыл ішінде орташа 560-615 мм жауын-шашын түседі. Шілде айында олардың мөлшері көп болып келеді.

Топырағы негізінен сілтісізденген және таулы далалы қара топырақ.
Парыгино ауылдық округінің аумағында ветеринарлық пункт және мал қорымы бар

2021 жылғы 1 қантарға Парыгино ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, шаруа қожалықтарының мал басы) ірі қара мал 1570 бас, оның ішінде аналық (сауын) мал басы 883 бас, ұсақ мал 722 бас, жылқы 319 бас болып есептеледі (№1 кесте) оның ішінде:

Зубовск кентінде:
ірі қара мал 449 бас, оның ішінде аналық (сауын) мал басы 337 бас, ұсақ мал 374 бас, жылқылар – 103 бас.

Жайылымдар ауданы 1260 гектар құрайды.

Парыгино ауылында:
ірі қара мал 816 бас, оның ішінде аналық (сауын) мал басы 382 бас, ұсақ мал 324 бас, жылқылар – 182 бас.

Жайылымдар ауданы 1840 гектар құрайды.

Баяновск ауылында:
ірі қара мал 264 бас, оның ішінде аналық (сауын) мал басы 142 бас, ұсақ мал 20 бас, жылқылар – 12 бас.

Жайылымдар ауданы 562 гектар құрайды.

Кутиха ауылында:
ірі қара мал 41 бас, оның ішінде аналық (сауын) мал басы 22 бас, ұсақ мал 4 бас, жылқылар – 22 бас.

Жайылымдар ауданы 900 гектар құрайды.

Парыгино ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары басының саны туралы деректер

№ 1 кесте

Халық	Ауыл шаруашылығы құрылымдары			Барлығы:
	Ірі қара мал	Ірі қара мал	Ірі қара мал	

№	Елді мекендер	барлығы	оның ішінде сауынды	ұсак мал	жылкылар	барлығы	оның ішінде сауынды	ұсак мал	жылкылар	барлығы	оның ішінде сауынды	ұсак мал	жылкылар
1	Зубов ск кенті	188	107	374	103	261	230	0	0	449	337	374	103
2	Парыгин ауылы	374	174	277	42	442	208	47	140	816	382	324	182
3	Кутиха ауылы	41	22	4	22	0	0	0	0	41	22	4	22
4	Баяновск ауылы	61	31	20	5	203	111	0	7	264	142	20	12
	Жалпы:	664	334	675	172	906	549	47	147	1570	883	722	319

Ауыл шаруашылығы жануарларын қамтамасыз ету үшін Парыгино ауылдық округі бойынша барлығы 8628 га жайылымдық жерлер бар, елді мекендер шегінде 4562 га жайылымдар бар.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 15-бабына сәйкес елді мекендердің қолда бар жайылымдық алқаптары кезінде ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) басын күтіп-ұстау бойынша жергілікті халықтың мұқтажы үшін (Зубовск кенті, Парыгино ауылы, Баяновск ауылы, Кутиха ауылы) 4562 га мөлшерінде қажеттілік 1002 га қурайды (№2 кесте).

№ 2 кесте

№	Елдімекендер	Жайылымда р ауданы, (га)	Сауын сиырлардың болуы (бас)	Жайылымда рдың 1 басқа қажетті нормасы (га)	Жайылымда р қажеттілігі,(га)	Жайылымда р мен қамтамасыз етілмеген (га)	Артылғаны, (га)
1	Зубовск кенті	1260	107	3	321	-	939
2	Парыгино ауылы	1840	174	3	522	-	1318
3	Кутиха ауылы	900	22	3	66	-	834
4	Баяновск ауылы	562	31	3	93	-	469
	Барлығы	4562	334		1002	0	3560

Жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы жануарларының жайылымы ірі қара мал басына қалыпты жағдайдағы жүктемесі – 3 га, ұсак мал – 0,5 га, жылқылар – 5 га, сонымен қатар елді мекендер шегінде жүргізіледі (№ 3 кесте).

№ 3 кесте

№	Елді мекенд ер	Халық			Жайылымдардың 1 басқа қажетті нормасы (га)			Жайылымдар қажеттілігі,(га)			
		Ірі кара мал	ұсақ мал	Жылкы лар	Ірі кара мал	ұсақ мал	Жылкы лар	Ірі кара мал	ұсақ мал	Жылкы лар	Жалпы (га)
1	Зубовск кенті	81	374	103	3	0,5	5	243	187	515	945
2	Парыги н о ауылы	200	277	42	3	0,5	5	600	139	210	949
3	Кутиха ауылы	19	4	22	3	0,5	5	57	2	110	169
4	Баянов с к ауылы	30	20	5	3	0,5	5	90	10	25	125
	Барлығ ы	330	675	172				990	338	860	2188

Зубовск кентінің жергілікті халқының малын жаю үшін 3 табын: 1– табын – Зубовск ауылынан солтүстігіне қарай, суат – Бұқтырма өзені; 2– табын – Зубовск кентінен шығысқа қарай, суат – Березовка өзені; 3– табын – Зубовск кентінен оңтүстікке қарай, суат – Урунхайка өзені, бұлақтар.

Парыгино ауылдың жағынан 4 табын үйімдастырылған: 1– табын – Мякоңқая тауының аумағы, суат – Тұрғысын өзенінің саласы; 2– табын – Парыгино ауылынан 1,6 км, суат – Бұқтырма өзенінің саласы; 3– табын – Парыгино ауылынан 1 км, суат – Бұқтырма өзенінің саласы; 4– табын – Чушка тауының аумағы, суат – Погорелка өзені;

Баяновск ауылды халқының малын жаю үшін 1 табын ұйымдастырылған: Баяновск ауылынан батысқа қарай 1 км, суат – Бұқтырма озенінің саласы;

Кутиха ауылы халқының малын жаю үшін 1 табын ұйымдастырылған: Кутиха ауылынан онтүстікке қарай 0,5 км, суат –Тұрғысын өзені.

Парыгино ауылдық округінің жауапкершілігі шектеулі серікtestігінде (бұдан әрі - ЖШС), шаруа және фермер қожалықтарындағы мал басы: ірі қара мал 906 бас, ұсақ мал 47 бас, жылқылар 147 бас қурайды.

ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарындағы жайылымдар ауданы 3171 га құрайды (№ 4 кесте).

№ 4 кесте


1	"яный ключ" ӨК	831	159	0	0	3	0,5	5	477	0	0	477
2	"Восток - Рекорд " ЖШС	103	0	0	0	3	0,5	5	0	0	0	0
3	"Зубовс кое"Ж ШС	1014	0	0	0	3	0,5	5	0	0	0	0
4	"Зыбер " ЖШС	266	0	47	9	3	0,5	5	0	24	45	69
5	"Алтай Жері" ЖШС	134	71	0	15	3	0,5	5	213	0	75	288
6	"Саша" шаруа кожал ығы	190	0	0	105	3	0,5	5	0	0	525	525
7	"Козлов А.Г." шаруа серіктес тік	186	190	0	2	3	0,5	5	570	0	10	580
8	"Олжас " шаруа кожал ығы	0	105	0	7	3	0,5	5	315	0	35	350
9	"Робул В.М." шаруа кожал ығы	27	181	0	9	3	0,5	5	543	0	45	588
10	"Дания р" жай серіктес тік	81	98	0	0	3	0,5	5	294	0	0	294
11	"СПК" Доня" өндіріс	0	102	0	0	3	0,5	5	306	0	0	306

тік коопер ативі								0		
Барлығ ы	2832	906	47	147			2412	24	735	3171

Шаруа қожалықтарының жайылымдық алқаптардың қалыптасқан 339 га мөлшеріндегі қажеттілікті елді мекендер жерлеріндегі ауыл шаруашылығы жануарларының жайылымы есебінен, "Данияр" қарапайым серіктестігінің 213 га мөлшеріндегі жайылымдық алаптардың қажеттілігін "Зыбер" ЖШС берілген жерлерден толықтыру қажет.

Алтай ауданының Парыгино
ауылдық округінде жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
бойынша 2022-2023 жылдарға
арналған жоспарына
1- қосымша

Күкүйек белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Алтай ауданының Парыгино ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Шартты белгілері:



Ауылдық округтер шекаралары



Ауыл шаруашылығы маңсатындағы жерлер санатындағы
жайылымдар (№ 4-кесте)



Елді мекендер жерлері санатындағы жайылымдар

Алтай ауданының Парыгино
ауылдық округінде жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
бойынша 2022-2023 жылдарға

арналған жоспарына


2- қосымша

Жайылым айналымдарының қолайлыш схемалары Бір табын үшін төрт танапты ауыспалы жайылымдардың сыйбасы

жыл	телімдер			
	1	2	3	4
2022	(К-Ж-К)	(К-Ж-К)	(К-Ж-К)	демалыс
2023	(К-Ж-К)	(К-Ж-К)	демалыс	(К-Ж-К)
(К-Ж-К) көктем- жаз-күз				

Алтай ауданының Парыгино
ауылдық округінде жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
бойынша 2022-2023 жылдарға
арналған жоспарына
3- қосымша

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы



Шартты белгілері:



Ауылдық округтер шекаралары



Сыртқы және ішкі шекараларындағы маусымдық жайылымдар




Елді мекендер жерлері санатындағы жайылымдар



суат

Алтай ауданының Парыгино
ауылдық округінде жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
бойынша 2022-2023 жылдарға
арналған жоспарына
4- қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілері:

- мал жаю үшін ауыл шаруашылығы өндірушілерге және жеке тұлғаларға берілген жайылымдар;

→ - жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жетімділігі

Алтай ауданының Парыгино
ауылдық округінде жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
бойынша 2022-2023 жылдарға
арналған жоспарына
5- қосымша

Жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы




Шартты белгілері:

- Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы

Алтай ауданының Парыгино ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жоспарына
6- қосымша

Парыгино ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



Шартты белгілері:

- Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы


Алтай ауданының Парыгино
ауылдық округінде жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
бойынша 2022-2023 жылдарға
арналған жоспарына
7- қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

Ауылдық округ	Шалғайдағы жайылымдарға жануарларды айдау мерзімі	Шалғайдағы жайылымдардан жануарларды қайтару мерзімі
Парыгино	сәүір-мамыр	қыркүйек-қазан

Алтай ауданының Парыгино ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жоспарына
7-1- қосымша

Жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және аландары белгіленген картасы



Шартты белгілері:



Ауылдық округтер шекаралары



Кордағы жерлер санатындағы жайылымдар



Елді мекендер жерлері санатындағы жайылымдар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК